



У 2006  
4

ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

К. Байпақов

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ



аруна











ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАР ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

К. Байпақов

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ





ББК 63.3 (5 қаз)

Б 17

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Байпақов К.**

**Б 17** Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Ltd.», 2005. – 316 б.  
– Қазақстан балалар энциклопедиясы.

ISBN 9965-26-049-4

Кітапта Қазақстан жеріндегі ежелгі қалалардың толық тізімі берілген. Қалаларды сипаттауда тарихи деректер ғана емес, Ибн Баттута, әл-Мақдиси, Сюань-Цзянь, Гильом Рубрук, Плано Карпини, Марко Поло сияқты ортағасырлық саяхатшылардың жолжазбалары, естеліктері, күнделіктері де қолданылды.

Қолдарыңыздағы бұл кітаптан Сіздер қытай, араб, парсы және ежелгі түркі тілдерінде кездесетін, сонымен қатар археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған «Ұлы Жібек жолы» бойындағы ежелгі қалалар мен оның өмірбаяны, тарихи ескерткіштері туралы құнды мағлұматтар ала аласыздар.

Кітаптағы фотосуреттер автордың жеке қорынан және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұражайынан алынған.

Б  $\frac{0503020905}{00 (05) - 05}$

ББК 63.3 (5 қаз)

Б 17

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-049-4

© К. Байпақов, 2005.

© ЖШС «Аруна Ltd.», 2005.



# МАЗМҰНЫ

## АЛҒЫ СӨЗ

Ежелгі қалалар және археология ..... 5

## I ТАРАУ

### ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ БАСТАУЫНДА



Қазақстан қалаларының пайда болуы мен дамуы ..... 10

Сақ, үйсін, қаңлы қалалары мен елді мекендері ..... 18

Ұлы Жібек жолы ..... 37

Түркі қалалары – ғылым мен мәдениет орталығы ..... 46

## II ТАРАУ

### ЖЕТІСУДАҒЫ ҚАЛАЛАР



Талхир қаласы ..... 55

Талғардан табылған мыс табақ ..... 65

Алматы шежіресі ..... 69

Құм астында қалған қалалар ..... 75

Қаялық қаласы – Қарлұқ қағанатының астанасы ..... 87

Ортағасырлық Қаялық моншасы ..... 101

## III ТАРАУ

### ТАЛАС ЖӘНЕ ШУ АҢҒАРЛАРЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАР



Тараз – саудагерлер қаласы ..... 107

Құлан сарайлары ..... 119

Ежелгі шарап жасаушылар мен жүзімшілер ..... 124

Ақыртас құпиясы ..... 129

Шекарадағы қала ..... 137



IV ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ҚАЛАЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТ



Испиджаб – Сайрам және Яссы – Түркістан..... 147

Отырардың күйреуі мен жандануы..... 156

Отырартөбе қабаттары ..... 168

Кейінгі ортағасырдағы Отырар ..... 172

Отырар ақша қоймасы және күміске толы көмбе..... 178

Қара тақтайлардағы құдайлар ..... 189

Кедерлік өнерпаздар ..... 196

Жеті қабырғаның ар жағындағы қала ..... 203

Баладж – от қала ..... 211

Арал түбіндегі қалалар..... 217

V ТАРАУ

ЖАЙЫҚТАН ЕРТІСКЕ ДЕЙІНГІ ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР



Азияға кірер қакпа ..... 223

Жайық жағалауындағы ортағасырлық қаланың табылуы ..... 234

Сарыарқа – қалалар өңірі ..... 242

Ертіс жағалауындағы қалалар ..... 250

VI ТАРАУ

А-ДАН Я-ҒА ДЕЙІН: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ  
ҚАЛАЛАРЫ ..... 256



ҚОРЫТЫНДЫ..... 310

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ ..... 314





## АЛҒЫ СӨЗ

### *Ежелгі қалалар және археология*

Қазақстанның ежелгі қалалары... Ескіден жеткен қолжазбалардың уақыт өте сарғайып кеткен беттерінде олардың көбінің аттары сақталмаған. Кейбір қалалардың атаулары халық аузындағы аңыз-әңгімелерде ғана кездесіп қалады. Ал көбінің аты тіпті белгісіз. Тек осы қалалардың қурай басып, бұта жапқан орындары ғана бағзы заманда еңбек етіп, өмір сүрген, өркендеп, дамып, сарайлар мен шаһарлар тұрғызған, тамаша өлең шығарып, тағдырын жырға қосқан ондаған ғасырлық шежіресі бар ата-бабалар өмірін еске салады. Алайда олар із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Өткен күннің өрнектерін бүгінгі заттардан, ән-жырдан, халық жадынан көруге болады.

Біз өз тарихымызды сүйеміз. Өткенімізді қадір тұтып, оны мақтаныш етеміз. Өйткені онсыз қазіргі күніміздің асқақтығы болмас еді. Өзінің өткен тарихы жайлы айтылған ақын сөзінің дәлдігі жан тебіренерлік:

*Жала жабу тарихқа жарамайды,  
Халық та жеңіл өмір таңдамайды.  
Тарих беті бәрі де қанға бөккен,  
Көзсіз сую жарамас оны бізге,  
Болмайды оны ессіз боп сүймеуге де.*

Біздің тарихымыз кітап соңындағы хронологиялық кесте емес, ол – өз шежіреміз, болашағымызды қалыптастыратын кешегіміздің тірі тағылымы.

Қазақстан – ұшы-қиырсыз кең-байтақ ел. Оның осынау жалпақ төсіне Тянь-Шаньның тәкаппар, ақбас шыңы да, Сарыарқаның кең жазира даласы да, Сарыесік–Атырау мен Маңғыстау шөлдері де, ну орманды Алтай таулары мен Орал жазығы да сыйып жатыр.

Бүгінде елімізде өзен-көлдерді бойлай көптеген жаңа қалалар бой көтерген. Олардың біразы ескі





Пирамидалар. Египет. Б.з.д. 2800 – 2200 жж.



Чичен-Ица храмы. Мексика. IV–VI ғғ.



Акрополь. Афины. Б.з.д. V ғ.

шаһарлардың маңына немесе тура солардың үстіне салынған. Осылайша кешегіміз бүгінгі күнмен сабақтасып жатыр. Ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениеті – бізге, олардың ұрпақтарына, бұрын-соңды жасалған тамаша туындылардың мирасқорларына өте қызық әрі құнды дүние.

Өткен күндерді тірілтпей көп ұлтты Отанымыз – Қазақстанның бүгінгісін, оның егемендікке қол жеткізгендігін тану мүмкін емес. Сондықтан да халық тағдырын баян етер тарих пен мәдениетті оқып-үйрену әр адамды отансүйгіштікке, өз елінің азаматы болуға баулиды.

Алайда тарихымыздың кейбір парақтары әлі күнге дейін ашылмай, сан құпияны бауырына басып жатса, кейбірі ашылғанымен де өткенімізбен толық таныстыра алмайды.

Әсіресе, тарихымыздың терең қойнауын ақтарып, ежелгі дүниені танып, білу аса маңызды мәселе болып табылады. Осы жерде бізге көмекке келер сала – археология (грек тілінен ежелгі заман ғылымы деп аударылады).

Археология – гуманитарлық жас ғылым. Осыдан 200 жылдай уақыт бұрын адамзаттың өмір сүрген уақыты мифологиялық дәуірлерді есепке алмағанда, шамамен, 3000 жыл деп саналып келген. Бұл шешімге негіз болған ертедегі патшалар әулеті немесе соғыстар жайлы жазылған жылнамалар мен діни тақырыптардағы жазбалар еді.

Археология тарих ғылымында төңкеріс жасады. Ол әлемдегі көптеген тарихи жаңалықтарды ашып, оны жұртқа мойындатып, абыройын асқақтатты. Ағылшын археологы Г. Чайлдтың айтуы бойынша: «Телескоп астрономия саласына қанша пайда әкелсе, археология да тарих көкжиегін соншалықты кеңейтті. Үлкен денелерді құрайтын кішкентай клеткалардың бар екендігін ашқан мик-





роскоп биологияға жаңалық болып енгені секілді, археология да сондай жаңалық болды. Сонымен қатар, химияға өзгешелік енгізген радиоактивтілік сияқты, археология тарих ғылымының салалары мен мазмұнына үлкен өзгерістер алып келді». Расында, Африкадағы археологиялық қазба жұмыстары ашқан жаңалықтардың негізінде адамзат жасы 4 – 5 млн. жылға ұзарды.


Қазір әлемнің барлық түкпірінде археологиялық экспедициялар жұмыс істеуде. Соның нәтижесінде бүкіл әлемде антикалық Грекия мен Рим, фараондар дәуіріндегі Египет өркениеті, Тигр мен Евфрат өзендері аралығындағы қала-мемлекеттер, Қазақстандағы сақтар мәдениеті, Оңтүстік Американың ежелгі өркениеттері жайлы білмейтін адам кемде-кем.

Жазба жәдігерлердің тым аздығы немесе кейбір маңызды тарихи кезеңдер жайлы деректердің мүлдем жоқтығы ежелгі дәуірлер тарихын оқып білуге қиындық туғызады. Осындай кезде көмекке келер ғылымның саласы – археология. Тарихы қағаз бетіне түспей қалған елдер үшін оның маңызы тіпті зор. Бұл жағдай тамыры тереңде жатқан, ата-бабаларымыз қалдырған ескерткіштер сыр шертетін Қазақстан тарихына да қатысты. Археологиялық деректер, шын мәнінде, үңіле білген адамға таусылмас қазына. Еуразия құрлығында Қазақстаннан өзге тарихи жәдігерлері көп аймақты атау қиын. Қазақстанды экспонаттары ашық аспан астында орналасқан көрме деуге болады. Оның ескерткіштері Арал маңында, Сырдарияның ежелгі сағасында, Маңғышлақта, Сарыарқада, Жетісуда, Мұғалжар мен Ертіс маңында кең тараған.

Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихының жаңа парақтары Қазақ Ғылым Академиясының жанынан құрылған, алдымен, археологиялық



Колизей. Рим. Италия. Б.з. I – II ғғ.



Тәджі-Махал. Индия. 1653 ж.



Қожа Ахмет Иассауи кесенесі.  
Түркістан. XIV – XV ғғ.





**Әлкей Хаканұлы  
МАРҒҰЛАН**

(1904 – 1985 жж.)

Ә.Х. Марғұлан – археолог, тарихшы, өнертанушы әрі фольклоршы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР ҒА-ның академигі.

Қазақ халқының көне өнері мен материалдық ескерткіштерін зерттеген. Орталық Қазақстанға, Сырдария, Талас және Шу өзендері аңғарларына жасалған этнографиялық-археологиялық экспедицияларға жетекшілік еткен. Кеңестер Одағының белді мамандары – С.И. Руденко, А.А. Миллер (1931–1932 жж.), Н.И. Репников (1933 ж.) және М.П. Грязновтар (1935 ж.) басқарған археологиялық экспедицияларға қатысқан.

Оның аса ірі еңбектері «Исламға дейінгі Қазақстан архитектурасы», «Орталық Қазақстандағы Бегазы-Дәндібай мәдениеті» болып табылады. «Қазақ ССР тарихы (ерте заманнан бүгінгі күнге дейін)» атты көптомдық шығарманы құрастыруға қатысқан. Ш.Ш. Уәлиханов шығармаларының жинағын жариялауға, басып шығаруға үлкен еңбек сіңірген.

Қазіргі уақытта Ә.Х. Марғұланның шығармаларының толық жинағы дайындалып жатыр, оның төртеуі жарық көрді.

бөлімінің, содан соң Тарих, археология және этнография институтының жанынан ашылған Археологиялық орталықтың жұмыстарының арқасында толығымен түсті. 1991 жылдан бастап Археологиялық орталық Археология институты болып жеке өз алдына отау болып бөлініп шықты. Институтқа көрнекті ғалым Әлкей Марғұлан есімі берілді.

Елімізде археология ғылымы өмір сүріп келе жатқаннан бері ғалымдардың бірнеше ұрпақтарының жанкешті еңбегінің нәтижесінде Қазақстанның ежелгі тарихының даму кезеңдері, сонымен қатар мәдениет тарихы жұртқа танымал болды. Ата-бабаларымыздың тамаша туындылары әлемге әйгіленді. Осыған байланысты біздің осынау жеріміздің бүкіл адамзат тарихының маңызды оқиғаларына куә болғанына ешкімнің де таласы жоқ.

Археологиялық деректер Қазақстан жерінде, Отанымыздың кең-байтақ даласында сан алуан мәдениеттің болғанын, әр түрлі мәдениеттердің тоғысып жатқанын көрсетті. Олар бірін-бірі толықтырып, байытып қана қоймай, қоғамның дамуына септігін тигізген. Археологиялық мәліметтер бойынша орталығы Қазақстан жерінде орналасқан ортағасырлық Батыс Түркі, содан кейін Түргеш, Қарлұқ қағанаттарының, қарахандар мен қыпшақ мемлекеттерінің мәдениеттерінде көшпелілер мен отырықшы халықтардың дәстүрлері, қала мен даланың үйлесім тапқаны анықталды.

Қазақстанның ежелгі қалалары туралы алғаш жазылған кітап осыдан отыз үш жылдай уақыт бұрын жарық көрді. Бұл ежелгі қала орындарындағы қазба жұмыстарының жаңадан басталған кезі болатын. Отырар, Түркістан, Қаялық, Құлан, Сауран қалалары толық зерттелмеген еді. Одан бері жаңа деректер жинақталып, қазба жұмыстарының қызықты материалдары қолға тиді.





Қазақстан жеріндегі көне қалалар: Отырар, Испиджаб, Тараз, Түркістан, Талхир, Жамуқат, Құлан, Қаялықтың орындарында қазба жұмыстарын жүргізуге есімі тек біздің елімізде ғана емес, әлемге әйгілі көптеген археологтар қатысты. Олардың ішінде көрнекті ғалым Ә.Х. Марғұлан, ресейлік С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, өзбекстандық М.Е. Массон, қазақстандық Е.И. Агеева, К.А. Ақышев, Т.И. Сенигова, Г.И. Пацевич, М.С. Мершиев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович, С.М. Ақынжанов, С.Ж. Жолдасбаев, Т.В. Савельева, М.Е. Елеуов, Е.А. Смағұлов, В.А. Грошев, М.Қожа, Б.А. Байтанаев, Н.О. Алдабергенов, Д.А. Водкин болды. Осы кісілердің көп жылғы еңбектерінің арқасында біз Қазақстанның ежелгі қалалары жайлы толымды мәліметтер алып отырмыз.

Қымбатты оқырман! Осы кітапты оқи отырып, Қазақстан жерінен табылған ежелгі қалалар туралы мағлұматтар алып, әрбір қала өмірінің ең маңызды деген бірнеше беттерімен таныс боласындар.



Ортағасырлардағы еуропалықтар түсірген Орталық Азия және Қазақстан картасы





**Сергей Павлович  
ТОЛСТОВ**  
(1907 – 1976 жж.)

Сергей Павлович Толстов – археолог, этнограф-тюрколог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ССРО ҒА-ның корр-мүшесі, ССРО ҒА-ның Этнография институтының директоры.

Көптеген экспедициялардың, оның ішінде ССРО ҒА-ның Хорезмге жасалған кешенді этнографиялық-археологиялық экспедициясының ұйымдастырушысы. Арал төңірегіндегі, Сырдария, Өмударияның төменгі ағыстарының маңындағы ежелгі қалашықтар мен елді мекендерде қазба жұмыстарын жүргізген. Ежелгі Қазақстанның мәдени ошақтарының құрылу тарихын зерттеуге зор үлес қосқан. Тарих және этнография салаларындағы көптеген шығармалары (300-ден аса), әсіресе, «Ежелгі Хорезм», «Окс пен Яксарттың ежелгі арналарымен», «Орта Азия және Қазақстан халықтарының этникалық тарихының негізгі кезеңдері» жұртшылыққа кеңінен танымал.

## I ТАРАУ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ БАСТАУЫНДА

### *Қазақстан қалаларының пайда болуы мен дамуы*

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында, Қазақстанның Ресейге қосылар кезеңінде ұшы-қиырына көз жетпес қазақ даласында бар-жоғы бірнеше қала болған. Сол заманғы саяхатшылар кең-байтақ жазық даланы «көшпелілер бесігі» деп ұққан. Бұл пікір ұзақ жылдар бойы сақталып келген. Мысалы, 1913 жылы жарыққа шыққан «Туркестанский край» кітабында: «Шын мәнінде, Орта Азияның (оның ішінде Қазақстанның да) тарихы – даланы мекен еткен көшпелілер мен тау етегіне, өзен бойына қоныстанған отырықшылардың мындаған жылдар бойғы күрес тарихы. Ұшы-қиырсыз дала, кең жайылымды қажет ететін мал шаруашылығына тәуелділік пен басқа да өмір салты көшпелілерді ерте заманнан отырықшы халыққа дұшпан етті, еркін көшіп-қонуға кедергі болар кесірдің бәрін қирату сезімін тудырды. Көшпелі ел үшін ең қажеттісі – мал жайылып жүрер шексіз дала, сондықтан ол жайылым болуға жарар жерге қоныстануына кедергі тудырғанның бәрін жер бетінен жоқ қылуға бар. Бақтар, үйлер, тамаша ғимараттар мен өнер туындылары көшпелі халыққа түсініксіз, әрі керек емес те. Қолынан келсе, олар бар әлемді жайылымға айналдырып жібермек», – деп жазылған.

Бұл сөздердің негізсіздігін дәлелдейтін деректер бар. Ортағасыр тарихынан көшпелі мен отырықшының, малшы мен диканшының «мәңгілік күресін» емес, керісінше қарым-қатынасын байқауға болады. Көрнекті археолог, ежелгі Хорезмді зерттеуші С.П. Толстов өз еңбектерінде: «Қалалық өркениетті тек жер өңдеудің, отырықшылықтың нәтижесі деп санау үлкен қателік» деген түйін жасайды. Қалалар көшпелілер мен отырықшылардың шаруашылығын ұштастырып отырған, сондықтан да олар сол кезеңде өзінің даму шыңына жеткен деп санаған ғалым пікірінің дұрыстығын уақыт дәлелдеп отыр.






Жалпы, «таза көшпелілер» туралы тарихта дерек жоқ. Шығыс халықтарын біреулері мал шаруашылығымен, біреулері егіншілікпен айналысатын адамдар тобы құраған. Олардың арасында тек мал шаруашылығымен айналысып, болмаса бір ғана егіншілікті кәсіп еткен адамдардан басқа екеуімен де қатар шұғылданатындар да болған. Уақыт өте келе, бұл тепе-теңдік ауа райының әсерінен немесе соғыс салдарынан өзгеруі мүмкін еді. Бұл жағдай ортағасырлар кезеңінде керемет архитектуралық құрылыстары, сарайлары мен мешіттері, медреселері мен қолөнершілер шеберханалары бар ондаған гүлденген қалалары болған Қазақстанға да тән еді.

Мың жыл бұрын Иерусалимде дүниеге келіп, мұсылман елдерінің көпшілігін аралап шыққан ұлы араб географы Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдиси ежелгі Испиджаб (қазіргі Шымкент) аймағы жайлы былай деп жазған: «Испиджаб аймағы Мәуереннаһрдың (бұл жерде Оңтүстік Қазақстан) орта тұсында орналасқан. Оның Құрлұқ, Жұмышлағу, Арсубаникет, Бараб, Шабғар, Сауран, Тұрар, Зерах, Шағылжан, Баладж, Барукет, Бұрұқ, Яғанкент, Азақкент, Дех Нуджикет, Тараз, Балу, Жікіл, Барысхан, Атлах, Жамукат, Шелжі, Көл, Сұс, Тақабкет, Дех Науи, Құлан, Мирки,

**Мұхаммед ибн Ахмед  
әл-Мақдиси (әл-Мұқаддаси)**

(X ғ.)

Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдиси – Иерусалимде туған ұлы араб географы. Атасы архитектор болған. Әл-Мақдиси «бұрын-соңды өмір сүрген ең білімді географ» деп танылған. Оның 985 жылы жазылған «Асхан ат-Тақасим фи-марифат ал-ақалим» («Өлкелерді танудағы ең жақсы бөлімдер») деп аталатын еңбегі бар. Бұл туынды – Шығыс, сонымен қатар Орта Азия және Қазақстан елдері мен қалаларының сипаттамаларын қамтыған, егжей-тегжейлі, жүйелі жазылған дәйегі мол еңбек.



Ортағасырлық қала. Графикалық көрінісі





## ШУМЕР

Бұл – ежелгі өркениеттердің алғашқы орталықтарының бірі болған тарихи-мәдени аймақ. Шумер Месопотамияның қиыр оңтүстігінде, Тигр мен Евфрат өзендерінің төменгі ағысында, Парсы шығанағының солтүстік-батысында орналасқан. Оның негізгі қалалық орталықтары: Лагал, Ларса, Ур, Урук, Лагаш, Эриду. Неолит дәуіріндегі алғашқы қоныстар болып табылатын әл-Убайд және Әбу Шахрейнің іргесін қалаушылар оңтүстік Месопотамияға (Шумерге) солтүстік Месопотамияның таулы аудандарынан көшіп келген және сонда біртіндеп орнығып қалған жер өңдеушілер мен малшылар еді. Мұндағы шаруашылық пен мәдениеттің одан әрі дамуының көрсеткіші – неолит дәуірінің соңғы кезеңіндегі Джемдет-Наср қонысы. Бұл аймақта мыс өңдеу кәсібі дамыды (мыстан негізгі еңбек құралдары мен қару-жарақ жасалды), қыш ыдыс жасау технологиясы жетілдірілді, дөңгелек және онымен қоса арба ойлап табылды. Сабан кірпіштен алып ғимараттар тұрғызылып, үлкен де күрделі суару жүйесі салынды. Б.з.д. IV ғасырда кішкентай қала-мемлекеттердің шаруашылық және мәдени орталықтары – қалалар бой көтерді. Шумердегі ең ежелгі қала – Парсы шығанағының жағалауында орналасқан Эриду.



Қыш құмыра. Б.з.д. XV – XII ғғ.  
Нұрманбет зираты.  
Орталық Қазақстан

Нушкет, Лакра, Жамұқ, Урду, Науакет, Баласағұн, Лабан, Шүй, Абалық, Маданкет, Барсиан, Балық, Жарқан, Яқ, Яқалық, Рауанжам, Қатақ, Шұр, Чашма, Діл, Ауас, Жаркент қалалары бар. Ал бас қаласы – Испиджаб».

Қазақстанның алғашқы қалаларын салған кімдер? Ол қалаларда кімдер тұрды? Олар қашан пайда болды? Қалай дамыды? Неліктен жоғалып кетті? Міне, өткен күннің тарихын білгісі келген адамды қызықтыратын сауалдар осылар. Оларға жауап беруге географтар мен археологтардың зерттеулері көмектеседі.

Ұлы Тигр мен Евфрат өзендерінің аралығындағы Месопотамия жеріндегі «қалалардың атасы» саналатын алғашқы қалалар б.з.д. IV ғасырда пайда болған. Ал Қазақстан жеріндегі қалалық өмірдің басталуы бізден қаншалықты алыс екендігін елестетіп көріндерші.

IV ғасырдың ортасында Шумер мемлекетінің Урук аймағында 17 елді мекен мен қалашықтар болса, ал IV ғасырдың аяғына таман Урук олардың арасындағы ең ірі қалаға айналды. Қалада ақсүйектер мен қарапайым халық тұратын үйлер және биік цоколь-платформаларда орналасқан, ізбес таспен қапталған көптеген храмдар бар еді. Сонымен қатар түрлі колөнер, сауда, суармалы жерлерді өңдеу, архитектура өнері дамып, жазу тарала бастайды.

Археологтар қазып зерттеген Ура қаласынан (б.з.д. III ғасырға жатады) табылған «патшалар» моласы өзінің байлығымен ерекшеленеді. Күйдірілген кірпіштен өрілген күмбезді молада жерленген адамдардың жанына қола қару-жарақтар, алтын мен бағалы тастардан жасалған әшекейлер, мысалы, перузадан жасалған сақалы бар өгіздің алтын басы, жақұт, ақық, інжу-маржаннан жасалған моншақтар қойылған. Бір зираттан осындай 25 мың моншақтың түрлері шыққан. Өлген «патшаны» ана дүниеге шығарып салады деген оймен адамдарды өлтіріп, бірге жерлеген. Осындай молалардың бірінен 59 адамның сүйегі табылған.

Археологтар б.з.д. VII – VI мыңжылдыққа жататын ежелгі Чатал-Құйық қаласын зерттей отырып, орталық қалалар Кіші Азияда (қазіргі Түркия жерінде) пайда болып, дамығанына көз жеткізді.






Иорданиядағы ежелгі қалалардың бірі – Библияда аты аталатын Иерихон қаласы. Бұл қала VIII ғасырдың өзінде биік те қалың қабырғалармен қоршалған еді.

Үндістан түбегінен б.з.д. 2400 – 1800 жылдар аралығына жататын Мохенжо-Даро деген тамаша қала табылған. Тұрғындары 40 мыңға жуық бұл қала тарамдалған көшелермен бөлінген кварталдардан тұрған. Сондай-ақ қалада құдықтар мен су құбырларының жүйесі, жұртшылық жиналып, кеңес өткізетін ғимараттар мен астық қоймалары болған.

Қытайда б.з.д. XIX ғасырдың ортасы мен XVII ғасырдың алғашқы жартысындағы ірі сарай кешені бар Эрлитоу қаласының орны зерттелді. Қоладан заттар жасау өндірісі мен қыш ыдыстар жасау өнері өзінің шырқау шыңына жеткен бұл қала үйіндісінен жазу жазылған жануарлардың сүйектері де табылды.

Орта Азия аймағындағы ежелгі қалалардың орны Оңтүстік Түркіменстаннан, Копет-Даг тауының етегі мен Мургаб өзенінің сағасынан ашылды. Қазіргі күні бұл қалалардың орны Алтынтөбе, Гонур-депе, Тоғылық деп аталады. Алғашқысы б.з.д. 2100 – 1850 жылдар аралығында өмір сүрген. Алтынтөбенің құрылыстары арасынан ерекшеленіп көрінетін сатылы мұнара түрінде салынған діни орталық, ақсүйектер үйлері, қоймалар болған. Сонымен қатар

Сонымен бірге көптеген жылдар бойы археолог Л.Вулли қазба жұмыстарын жүргізіп зерттеген әрі алтыннан жасалған бұйымдар, құжаттар мұражайы табылған Ур қаласы мен ежелгі шумерлік аңыз кейіпкері Гильгамеш патшалық құрған Урук қаласының маңызы зор. Лугель Зиггис патшаның тұсында (б.з.д. XXIV ғ.) ең алғашқы шумер патшалығы (құрамына Аккад патшалығын қосып алған) құрылды. Ол бар-жоғы 25 жыл өмір сүрді. Осыдан соң Шумер аймағы Саргон билік құрған Аккад патшалығы құрамында болып, гутти тайпасына бағынды. Шумердің дамуының жаңа шыңы Урдың үшінші әулетінің тұсына тура келеді. Бұл кезеңде Месопотамия бір орталыққа бағынған мемлекет болған (б.з.д. XXIII – XX). Одан соң шумерліктер Сирия мен Кіші Азияның шығыс бөлігіне өтті. Амориттер шапқыншылығы Шумер патшалығын біршама әлсіретіп кетті. Осыдан бастап Шумердің Месопотамия аймағындағы саяси рөлі әлсіреді. Б.з.д. IV ғасырдың өзінде шумер жазуы ойлап табылған. Шумер сына жазуын кейіннен вавилондықтар мен басқа да халықтар қабылдаған. Шумер тілінде әдебиет, ғылым, құқық саласында еңбектер жазылды. Шумер өнері мен архитектурасы Месопотамия мен Алдыңғы Азия мәдениетінің дамуына әсер етті.



а) сабының ұшы екі жіртқыш жануардың басы түрінде жасалған қанжар. Темір. Б.з.д. V – IV ғғ. Баты аймағы. № 6 қорым;

ә) сабының ұшында екі грифтің басы бейнеленген пышақ. Темір. Б.з.д. V – IV ғғ. Қостанай обл. Солтүстік Қазақстан;

б) сабы екі дөңес темірден жасалған, ұшы дөңгелек келген қандауыр жүзді қанжар. Қола. Б.з.д. XII–VIII ғғ. Ақмола обл.






*Шиыршықты жүзік. Б.з.д. XV–  
XIV ғғ. Қола. I Атасу зираты.  
Орталық Қазақстан*

осы арадан шеберханалардың орындары, алтын мен піл сүйегінен жасалған заттар табылды. Бұл – қала қолөнер, мәдениет, дін және халықаралық сауданың орталығы болғандығының дәлелі. Ал Маргиан мемлекетінің орталығы саналатын Гонур-депе мен Тоғылық қалалары б.з.д. 1500 – 1000 жылдар арасында өмір сүрген. Қазба жұмыстары барысында сарайлар мен храмдар, қолөнершілердің көшелері аршылып, қыш ыдыстар, күміс пен қоладан жасалған мөрлер, құдайлар мен абыздардың кішкене мүсіндері табылды. Бұл заттар қалалардың Үндістан және Месопотамиямен сауда-саттық, мәдени қарым-қатынаста болғандығын айқындайды.

Қазақстандағы Оралдан Ертіске дейін созылып жатқан далалық белдеудегі ең ежелгі қалалардың іргетасы қола дәуірінің басында (б.з.д. 1800 – 1600 жж.) қаланған. Осындай қалалардың бірі – Арқайым. Ол Қостанай мен Челябинск облыстарының шекарасында орналасқан. Археологтар ол жерде көптеген



*Тоғылық қонысы. Түркіменстан. Қола дәуірі. Графикалық көрінісі*





жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Арқайым қаласының екі қатар шеңбер түріндегі қорғаныс құрылыстарымен қоршалғанын анықтады. Шеңберлене тұрғызылған осы екі қабырғалардың арасында тұрғын үйлер, ал ортасында алаң болған. Сыртқы шеңбердің диаметрі – 160 м. Сыртқы қабырғаның қалыңдығы 4 м-ге жуық, ал биіктігі 3 м-дей. Қабырғаны жағалай ағаш бөренелерден екі қатар қада қағылған.

Тұрғын үйлер қабырғаның ішкі жағында бір-біріне жалғанып жапсарласа орналасқан. Олардың шығар есігі ішкі қабырға мен қазылған орды жағалай созылған шеңберлі көшеге шығады. Ор ағашпен қапталған. Қаланың ішкі және сыртқы қабырғалары біріне-бірі ұқсас. Екінші қабырғаның ішкі жағында да үйлер болған. Қабырғаға жанаса салынған үйлердің шығар есігі орталық алаңға қараған.

Қалаға кірер төрт қақпа бар. Олар қорғаныс қабырғаларының батысында, солтүстік-батысында, шығысында және оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаланың бас қақпасы саналған Батыс қақпаның қазіргі түрі үңірейген үлкен тесік секілді. Сақталған құрылысы күрделі қала қабырғаларынан, ішкі және сыртқы қақпалардың орналасуынан орталық алаңға бұралаң жол арқылы өту керектігі көрініп тұр. Әр қақпадан басталар осындай көшелердің бәрі тұрғын үйлердің ортасынан өтіп, көлемі 25x25 шаршы метр пішініндегі орталық алаңға шыққан.

Арқайымның тік бұрышты үйлерінің көлемі 190-нан 300 шаршы метрге дейін жеткен. Олардың қабырғалары – ортасы топырақпен толтырылған екі қатар қада болып қағылған ағаштардан жасалған күрделі құрылыс. Төрт немесе алты қабырға үйді бөлмелерге, құдығы, ұрасы бар шаруа жайларға бөлген.

Арқайым қонысының өте ерте заманғы қалаға тән белгілері бар. Олар: дамыған әрі жүйелі түрде тұрғызылған қорғаныс құрылыстары, оның алдын ала бекітілген жобасы. Тіпті кезінде қала макетінің болғаны да мүмкін жайт. Қоныстың барлық аймағы бірнеше бөлікке бөлінген: тұрғын үйлер, өндірістік және көпшілік орындар. Олардың әрқайсысы өз міндетін атқарған. Мысалы, біреуі халық үшін

## АРҚАЙЫМ

Археологтар көптеген жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, соның нәтижесінде Арқайым қаласының екі қатар шеңбер түріндегі қорғаныс құрылыстарымен (қабырғалармен) қоршалғанын анықтады.

Шеңберлене тұрғызылған осы екі қабырғаның арасына тұрғын үйлер тұрғызылған. Тұрғын үйлер қабырғаның ішкі жағына жапсарласа, бір-біріне жалғана салынған. Олардың шығар есігі ішкі қабырға мен қазылған орды айнала созылған шеңберлі көшеге шығады. Ор ағашпен қапталған. Қаланың ішкі және сыртқы қабырғаларының жобасы бір-біріне ұқсас. Екінші қабырғаның ішкі жағында да қабырға бойымен орналасқан үйлер болған.

Қабырғаға жанаса салынған үйлердің шығар есігі орталық алаңға қараған.

Қалаға кірер төрт қақпа бар. Олар қорғаныс қабырғалардың батысында, солтүстік-батысында, шығысында және оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаланың бас қақпасы саналған батыс қақпаның қазіргі көрінісі үңірейген үлкен тесік секілді. Құрылысы күрделі қала қабырғаларынан, ішкі және сыртқы қақпалардың орналасуынан қақпадан орталық көшеге шығатын жолдың «Г» тәрізді бұралаң болып келгендігі көрініп тұр. Осылайша әр қақпадан ішке кіретін көшелер басталған. Көшелердің бәрі тұрғын үйлердің ортасынан өтіп, орталық алаңда түйіскен.

Арқайымның тік төртбұрышты үйлерінің қабырғалары – ортасы топырақпен толтырылған, екі қатар қада болып қағылған ағаштардан жасалған күрделі құрылыс. Төрт немесе алты қабырға-қалқалар үйді бөлмелерге, құдығы, ұрасы бар шаруа жайларға бөлген.





*Найза ұштықтары. Қола.  
Б.з.д. XVIII – XVI ғғ. Арқайым*



*Қыш ыдыстар. Б.з.д. екінші  
мыңжылдық. Қола дәуірі.  
Орталық Қазақстан*

тұрақ-жай болса, екіншісінде заттар өндіріліп, келесісінде діни әдет-ғұрыптар, жиындар өткізілген.

Арқайымның қала болғандығының тағы бір дәлелі – жан-жағындағы елді мекендерді металл өнімдерімен, керамикамен қамтамасыз етіп отырғандығы. Қалада көптеген қолөнершілер – ұсталар, темір қорытушылар, құмырашылар өмір сүрген.

Бертін келе қала маңында ғибадатхана кешені пайда болған. Бұл әрбір әулеттің, отбасының құдайларын бейнелеген ұсақ тас мүсін өнерінің дамыған шағы еді. Осы мүсіндер көзден таса жерде сақталып, тек діни мерекелерде ғана ғибадатханаға қойылған.

Бұл кезеңнің қызықты жәдігерлері – бедер-белгілері бар қыш мөрлер болып табылады. Олар, шамамен, осы аралықта жазудың пайда болғанын көрсетіп, қоғамның дамығанын сипаттайды.

Соңғы жылдары Арқайым секілді ежелгі қалалардың орнындағы қазба жұмыстары Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданында жүріп жатыр. Сол жерден Арқайымнан да өте кеш өмір сүрген ежелгі Кент елді мекені табылды. Қорғаныс қабырғаларымен және орлармен қоршалған бұл қалаға ұқсас елді мекендер – Қазақстанда қала мәдениетінің үрдісі қола дәуірінде болғанының дәлелі.





Арқайым. Графикалық көрінісі





Алтын жауынгер. Б.з.д.  
IV – III ғғ. Есік қорғаны.  
К.А. Ақышевтың  
реконструкциясы

## Сақ, үйсін, қаңлы қалалары мен елді мекендері

Б.з.д. I мыңжылдықта Қазақстан жерін сақтар (парсылардың атауы) мекен еткен. Оларды гректер – скиф, қытайлар – сә деп атаған. Кейбір ғалымдар Ресей, Украинаның оңтүстігінде, Қара теңіз жағалауында өмір сүрген скифтерді еуропалық скифтер, ал Орал тауының ар жағында өмір сүргендерін азиялық скифтер деп те атап жүр.

Сақ-сә-скифтер – ахемендер дәуіріндегі парсылардың, Кир мен I Дарий патшалардың, сондай-ақ Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған.

Сақтар – массагеттер, аргиппейлер, аримасптар, «алтынды қорғаушы самұрықтар», абилер, апасиактар, дайлардан және басқа да көптеген тайпалардан құралған. Жетісуды «шошақ бөрікті» сақтар – тиграудтар қоныс еткен деген пікір бар. Биіктігі 5 – 6 қабат үйдің биіктігіндей, ені 100 м-ден асатын ондаған ірі обалардан құралған қорымдар, яғни көптеген зираттар қалдырған осы сақтар еді.

Әлемге әйгілі «алтын адам» табылған Есік обасы да сақтардікі. Сақтар мемлекеті б.з.д. IV – III ғасырларда Жетісуда бой көтерген. Ғалымдар олардың тағы бір мемлекеті Арал маңында, Сырдарияның ескі сағасында болған деген де пікір айтады.

Сақтар мәдениеті кешегі күнге дейін қоғамның таңдаулы адамдары мен патшаларға тән жерлеу ескерткіштері – обалар негізінде ғана зерттеліп келді. Алтын мен қоладан жасалған «андар стиліндегі» сирек кездесетін заттардың табылуы археологтар, өнертанушылар, суретшілер мен басқа да адамдардың қызығушылығын туғызды.

Жыртқыш андар мен шөп қоректі жануарлар – ат, бұғы, қой, ешкі, жолбарыс, барыс, қасқыр, сонымен бірге жыртқыш құстар – бүркіт, тазқара, қарғалар көбінде арпалыс жағдайында бейнеленген. Олардың әдеттен тыс қызыл тілге бергісіз дене қимыл-қозға-





лыстарының үйлесімділігі көз тартады. Өнердің әлемдік деңгейдегі бұл үлгілері, көрген адамдарды таң қалдырар тамаша дүниелері сақтардың тіршілігін, қарапайым тұрмысын, шаруашылығын, өмір салтын зерттеуді екінші орынға ысырып қойды.

Ғалымдар арасында сақтар көшпенді халық болды деген пікір ұзақ уақыт бойы басым болып келген. Алайда, археологтар сақ қоныстары мен қалаларына зерттеу жүргізуіне орай бұл пікір өзгерді.

Алматы маңынан, Іле Алатауының етегінен, Аңырақай мен Серіктас тауларының далалық жерлерінен, Ассы мен Түрген жайлауларынан сақтардың ондаған елді мекендері табылды. Зерттеу барысында мал шаруашылығымен қатар олар үшін отырықшылық пен егіншіліктің де қалыпты өмір салты болғаны анықталды. Яғни, шаруашылықтың бұл екі бағыты бірін-бірі толықтырып отырған.

Осы елді мекендер мен қалаларда қолөнершілер, суретші-зергерлер мен ұсталар қару-жарак, сауыт-сайман, ат әбзелдерін, алтын мен күмістен теңдесі жоқ әшекей заттар жасаған.

Біртіндеп қала деңгейіне дейін өскен елді мекендердің бірі Есік обасынан оңтүстікке қарай 5 км жердегі Рахат ауылының маңындағы тау бөктерінен табылды.


Ежелгі қала салушылар қорғаныстың маңыздылығына көп көңіл бөлген. Алдымен олар беті тегіс тауды тандап алған. Оның беткейлерін құлама тік жар етіп жонып, таулардың арасындағы жыра, сайларды терең орларға айналдырып қазған. Осылайша қаланы жау ала алмастай етіп бекіністер құрған. Сонан соң тау басына топырақтан үйлер соққан, жертөлелер (жеркепе, жерден қазған үй) қазып, киіз үйлер тіккен.

Сақтардың қоныстары мен қалаларын зерттеу Жетісу өңірінде жаңа басталуда, ал Арал маңында олар бұрыннан жүргізіліп келеді.

Қазір қирандысы Шірік-рабат деп аталатын сақ қалаларының бірі бүгінгі күні арнасы тартылып қалған Сырдария – Жаңадария өзенінің жағалауында



а)



а)



б)

Сақтардың алтын әшекейлері. Жалаулы көмбесі. Скифтердің «аңдар стиліндегі» бұйымдары:

а) мойынға тағатын әшекей (пектораль), б.з.д. VI – V ғғ.;

ә) бұғылар, жапсырма, б.з.д. V ғ.;

б) бұғы, салпыншақ-жапсырма, б.з.д. V ғ.





*Ибн Хордадбек*

(IX ғ.)

Ғұбайдалла ибн Абдаллах ибн Хордадбек – араб географы, саяхатшы. Ол шамамен 820 жылы туған, қайтыс болған уақыты белгісіз.

Ибн Хордадбек өзінің «Китаб ал-масалик фи ал-мамалик» («Шет елдер мен мемлекеттерге саяхат») кітабын 846 – 847 жылдары жазған.

Оның шығармасының негізін шет қалаларға апаратын жолдардың суреттемелері мен олардың бір-бірінен ара қашықтығын сипаттау құрайды.

Әсіресе, Бағдаттан Орта Азияға және Шаштан Жетісуға апаратын жолдар жайлы сипаттамалары қатты қызығушылық туғызады.

Ибн Хордадбектің жолжазбаларында Қазақстан жеріндегі көптеген ежелгі қалалардың атаулары көрсетіліп, олар туралы нақты мәліметтер берілген.

орналасқан. Қызылордадан оңтүстік-батысқа қарай 300 км жердегі бұл аймақты жартылай Қызылқұм басып жатыр.

Шірік-рабат қаласы биік төбе басына салынған. Ол бір жағынан қаланы жазық ойпаттан көтеріп тұрса, ал екінші жағынан сыртқы жаулардан қорғаған. Төбе басының пішініне байланысты қаланың сырт көрінісі де сопақтау келген.

Қаланың ұзындығы – 850 м, ені – 600 м, жалпы ауданы 51 гектарды құрайды.



*Белдік жапсырмалары. Алтын.  
Б.з.д. VI – V ғғ. Жалаулы көмбесі*



*Мазар. Б.з.д. V – III ғғ. Шірік-рабат қалашығы*